

Құттықтаймыз!

ЫРЫС ДӘНІН ЫСЫРАПСЫЗ ЖИНАП АЛДЫ

Ақмола облысы Целиноград ауданының «Родина» АФ» ЖШС-і биылғы жылдың жиын-терім науқанын сәтті аяқтады. Аталған серіктестікті Қазақстанның Еңбек Ері Иван Адамович САУЭР 38 жыл бойы үзіліссіз басқарып келеді және ол еліміздегі алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерінің бірі болып саналады.



Биыл агрофирма біршама жетістіктерге қол жеткізді: шамамен 23 мың гектар егіс алқабынан 40 мың тоннадан астам астығы бастырылды. Орташа өнімділік гектарына 18 центнерді құрап, өндірісті жоғары деңгейде ұйымдастырудың және заманауи агротехнологияларды пайдаланудың нәтижесін көрсетті.

Орақ жұмыстарына 63 бірлік ауылшаруашылығы техникасы, соның ішінде 35 заманауи комбайн мен 9 қуатты трактор жұмылдырылды. Дәстүр бойынша егістік құрылымының негізін бидай (20 185 га), арпа (2200 га), сұлы (280 га) және мал азығы дақылдары (6490 га) құрады.

Бұл бағыт шаруашылықтың тұрақтылығын және көпсалалы дамуын қамтамасыз етеді.

Орақ науқанының табысты аяқталуына өндірістің жоғары деңгейде механикамен қамтамасыз етілуі, озық технологиялардың енгізілуі және ең бастысы – агрофирма ұжымының жанқиярлық еңбегі оң ықпал етті. Әрбір еңбеккер, атап айтқанда, механизатордан бастап агрономға дейін, бригадирлер мен басшылыққа дейін – ортақ нәтижеге өлшеусіз үлес қосты.

Барша еңбеккерлерге табандылығы, кәсіби шеберліктері және өз ісіне адалдығы үшін шынайы алғысымызды білдіреміз! Сіздердің абыройлы еңбектеріңіз – елдің азық-түлік қауіпсіздігінің, аграрлық сектордың дамуы мен халықтың әл-ауқаты артуының кепілі.

Е. ТҮГЕЛБАЙ.



Газет 1928 жылдың қыркүйек айынан шыға бастады



■ Ауыл – Ел бесігі

САЛАУАТТЫ САНА - ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ НЕГІЗІ

Целиноград ауданында Аналар кеңесінің кезекті форумы өтті



Ана – өмірдің бастауы, мейірімнің, сабыр мен шыдамдылықтың символы. Ол – отбасының тірегі ғана емес, бүкіл қоғамның діңгегі. Себебі әр ұлттың болашағы ана тәрбиесіне тікелей байланысты. Ана тәрбиелеген ұрпақ елге адал қызмет етіп, Отанын сүйетін азамат болып өседі.

Форум тақырыбының "Салауатты сана - қауіпсіз қоғамның негізі" деп аталуының өзіндік себебі бар. Қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығы әр азаматтың санасының салауатты болуына тікелей байланысты. Салауатты сана — бұл адамның дұрыс ойлауы, саналы әрекет етуі, зиянды әдеттерден аулақ болуы және өзіне де, өзгеге де жауапкершілікпен қарауы.

Егер әр адам өз ісіне есеп беріп, дұрыс бағытта өмір сүрсе, қоғамда қылмыс та, дағдарыс та азаяды. Салауатты сана адамның тек жеке өмірін емес, жалпы елдің дамуын қамтамасыз етеді.

Ал, форум барысы ең бірінші қонақтарды күтуден басталып, әр ауылдың Аналар кеңесінің ұжымы ұйымдастырған көрнекті, көркем көрмемен басталды. Қазақстан Халқы Ассамблеясы аналар кеңесі төрағасының орынбасары Ахатай Баян Орынбасарқызының тұшымды баяндамасымен басталып, жазушы, ілеспе аудармашы, қоғам қайраткері Әлпейісова Камал Әбілқасымқызының әдемі әңгімесімен ұласты. Аудан әкімі Сабырғали Дарын Сабырғалиұлы да өз ілтипатын білдіріп, аталмыш форумның жоғары деңгейде өткенін баса айтып, аналарға өз атынан ризашылығын білдірді. Сонан

соң қоғамдық жұмыстарға ат салысып, әрбір игі істің басы-қасында жүретін әр ауылдың Аналар кеңесін марапаттады.

Осы ретте тақырып ауқымды әрі күрделі болғандықтан тыңдарман назарына ұсынатын баяндамалар да аз болған жоқ. Ақмола облыстық Аналар кеңесінің мүшесі Нұрсәуле Мұрат, Целиноград ауданы Аналар кеңесінің сарапшысы Қақабаева Зәуре Балукқызы, жастар ресурстық орталығының директоры Ирешова Махабат Сансызбайқызы, отбасын қолдау орталығының директоры Тайсойғанова Ай-дана Жақсылыққызы, Талапкер ауылдық округі Аналар кеңесінің төрайымы Қабдырахманова Гүлзада Манапқызы өз баяндамаларын жұртшылық назарына ұсынды. Тағы бір айта кететін жәйт, Целиноград ауданы Аналар кеңесінің сарапшысы Қақабаева Зәуре Балукқызы республикалық "Дана Үкі" төсбелгісімен марапатталды. Әрине бұл марапат біз үшін үлкен жетістік, үлкен абырой, биік белес. Себебі республика бойынша аталмыш төсбелгіні тек үш адам ғана иеленген. Осы бір марапаттың артында қаншама еңбек, үздіксіз ізденіс пен қажырлы қайрат, табандылық пен өжеттілік, ыждаһаттылықпен жасалынған жұмыстың нәтижесі тұр.

Аталмыш форумды ұйымдастырушы Аналар кеңесіне, қолдаушы Целиноград ауданы әкімшілігі мен аудандық Ішкі саясат бөлімі, бөлім басшысы Байділдина Жанар Еркенқызына алғыс білдіреміз. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – санамыз салауатты, ұрпағымыз ұлағатты, аналарымыз ардақты болса екен дейміз.

Алтынай ЕСМАҒАМБЕТОВА,
Аналар кеңесінің төрайымы.

Мәншүк Мәметова.



**Целиноград аудандық мәслихатының депутаттығына
№3 сайлау округі бойынша үміткер
БОРЩИН БАУЫРЖАН ТЕМІРБОЛАТҰЛЫНЫҢ
2025-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мен, Борицин Бауыржан Темірболатұлы, 1986 жылы 13 тамызда Ақмола облысы, Атбасар ауданының Родионовка ауылында дүниеге келдім.

2002 жылы Оразақ ауылының №27 орта мектебін бітірдім. 2007 жылы Астана қаласы көпсалалы техникалық колледжді техник-механик мамандығы бойынша тәмамдадым.

2005 жылы Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетін «Су ресурстары және су пайдалану» мамандығы бойынша бітіріп, жоғары білім алдым.

2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Астана Су Арнасы» коммуналдық кәсіпорнында жұмыс істеймін.

Жұмыс барысында өзімді жауапты, тәртіпті және атқарушы қызметкер ретінде көрсеттім.

Отбасылық жағдайым: үйленгенмін, үш бала тәрбиелеп отырмын.

Халық дауысы – менің міндетім

ҚЫМБАТТЫ САЙЛАУШЫЛАР!

Біз сіздермен бірге көптеген істерді атқардық, бірақ алда жаңа мақсаттар тұр.

Сіздердің дауыстарыңыз – жаңарған, жайлы, мықты ауылды құруға арналған басты қадам болуы тиіс. Сайлау кезінде маған қолдау көрсетіңіздер!

Сіздердің дауыстарыңыз – ертеңгі күнге деген сенімділік, ауылдарды дамытуға арналған негізгі қадам.

Біздің ортақ міндетіміз – ауылдарды заманауи және өмір сүруге жайлы ету.

Мен тұрғындардың қолдауы бірлескен жұмыстарда оң нәтиже, оң өзгерістер беретіндігіне сенімдімін.

МЕНИҢ МІНДЕТІМ:

1. Ауылдарды дамыту – басты басымдық

Даму ауылдардан басталады.

Инфрақұрылымды жақсарту: жол, су, жарық, Интернет;

Газдандыру бағдарламасын жүзеге асыру, ауылдарды табиғи газға қосу;

Көнерген су құбырларын жаңарту;

Ауылдың ішкі жолдарын жөндеу мен аяқтау, көше шамдарын іске қосуды ұйымдастыру;

Ақмол ауылындағы 1,2,3,4 шағын аудандарында, Бірлік, Оразақ ауылдарындағы электр желілерін қалпына келтіру;

Ауыл аумақтарын тұрмыстық және құрылыс қалдықтарынан тазартудың кешенді жұмыстары;

Ауылшаруашылығы мен шағын бизнесті қолдау;

Әлеуметтік нысандарды жаңартып, тұрғындардың өмір сүру сапасын көтеру.

2. Әлеуметтік әділеттілік және адамдарға деген қамқорлық

Зейнеткерлер мен көп балалы отбасыларға көмек көрсету мұқтаж жандарға деген нақтылы қолдау;

Мектептер мен балабақшалардың жағдайын жақсарту;

Медициналық көмектің қолжетімділігін көтеру;

Саябақтарды қайта жабдықтап, онда балалар мен ересектер үшін демалыс аймақтарын құру.

3. Жастар – ел болашағы

Спорт пен мәдениетті дамыту;

Жұмыс орындарын ашып, кәсіби мамандықтарға оқыту;

Жастардың өз идеяларын жүзеге асыруларына жәрдемдесіп, олардың белсенділіктеріне қолдау білдіру.

4. Ашықтық пен жауапкершілік.

Адамдарға арналған ашық жұмыс;

Сайлаушылармен жиі жүздесу;

Атқарылған жұмыстың жария есебі;



Менің қызметімнің негізі - адалдық пен жауаптылық.

Мен сіздердің сенімдеріңізді ақтау үшін еңбек етемін

Халық дауысы – менің басты бағытым!

Менің уәде еткендерімнің барлығы да орындалатын міндеттер.

Қашанда арық сөйлеп, семіз шығуға тырысамын.

Менің мақсатым - ауылды жақсы жұмыс істеп, тұрмысқа жайлы, мазмұнды демалатын мекенге айналдыру.

Балалар қамқорлықта өмір сүрген жерде ересектердің де алдағы күнге деген сенімдері мол болады.

Республикалық бюджет қаражатынан төленді.

**Целиноград аудандық мәслихатының депутаттығына
№3 сайлау округі бойынша "Respublica"
партиясынан үміткер
КУБЕТАЕВ БАУРЖАН ЕРІКҰЛЫНЫҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мен, Кубетаев Бауржан Ерікұлы 1995 жылы 6 мамырда дүниеге келдім.

Білімім – ветеринария және вирусология (магистр).

Еңбек жолымды қарапайым ветеринардан бастап, бүгінде түрлі жауапты қызметтер атқарудамын: «Ақмола Феникс» АҚ ветеринар-дәрігері, «Шаңырақ» басқарушы компаниясында сапа бөлімінің басшысы, қазіргі уақытта – Capital Projects LTD компаниясында Бас санитариялық дәрігер боп жұмыс істеймін.

Халықаралық тәжірибем бар – Қытайдың ғылыми-зерттеу орталығында жұмыс істеп, вакциналар әзірлеумен айналыстым.

Белсенді өмір салтын ұстанамын, спортпен шұғылданамын.

Қайырымдылықпен және қоғамдық істермен тұрақты айналысамын.

Негізгі принциптерім: адалдық пен ашықтық, әрбір тұрғынмен ашық диалог, мәселелерді бірге шешу және халықпен бірлесе еңбек ету.

**ӘР ІСТІ АДАЛ АТҚАРЫП, ЕЛ
ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТУ – БАСТЫ
МАҚСАТЫМ!
СІЗДІҢ ДАУЫСЫҢЫЗ — МЕНИҢ ІСІМ!**

Біздің ортақ міндеттеріміз:

Жолдарды жөндеу және көшелерді жарықтандыру;

Таза су, тұрақты жылу және электр энерги-

ясы;

Қолжетімді Интернет пен мобильді байланыс;

Шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлерге салық қысымын азайту;

Жастар мен әйелдерге жаңа жұмыс орындары;

Балалар мен жасөспірімдерге бос уақыт және спорт мүмкіндіктері;

Мектептерге, медпункттерге, балабақшаларға қолдау;

Мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар мен ветеринарларды тарту үшін мемлекеттік бағдарламалар;

Ауылдарды цифрландыру: бейнебақылау камералары, онлайн-қызметтер, «ақылды ауылдар»;

Құқықбұзушылықтарды азайту және қауіпсіздікті арттыру;

Мектептер мен медпункттерді жөндеу, мұғалімдер мен дәрігерлерді қолдау;

Мобильді байланыс пен Интернет, балаларға үйірмелер мен спорт, ауылдарды цифрландыру.

НАҚТЫ ІСТЕР:

Ақмол:

Көшелерді жөндеу және жарықтандыру;

Балалар мен спорт алаңдары;

Интернет пен мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы.

Бірлік:

Шаруа қожалықтарына қолдау, салық



жүктемесін азайту;

Ауылшаруашылық кооперативтерін дамыту, өнім өткізу

Жастарға жұмыс орындары және Интернет.

Оразақ:

Шаруа қожалықтарына қолдау, инвестиция тарту;

Жолдарды жөндеу және жарықтандыру;

Құқықбұзушылықтарды азайту үшін бейнебақылау камералары;

Жаңа жұмыс орындарын құру.

Республикалық бюджет қаражатынан төленді.

■ Заң және Қоғам

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды аспектісі болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін заңнамалық өзгерістер енгізу, бақылау мен қадағалауды күшейту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті насихаттау сияқты әртүрлі шаралар қабылдануда.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрестегі негізгі құралдардың бірі – заңнама. Елімізде осы орайда белсенді түрде антикоррупциялық заңдар күшейтіліп, мемлекеттік құрылымдардағы ашықтық пен жауапкершілікті арттыруға бағытталған реформалар жүзеге асырылуда.

Бұл сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жазаны қатаңдату және мемлекеттік қызметшілердің қызметіне бақылау тетіктерін жетілдіруді қамтиды.

Жүргізіліп жатқан шараларға қарамастан, Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күресте әлі де қиындықтар бар. Олардың бірі – мәдени аспект. Қоғамның кейбір салаларында жемқорлық күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналған, ал бұл мәдениетті өзгерту уақыт пен күш-жігерді қажет етеді. Қоғамның барлық деңгейінде антикоррупциялық сана қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру маңызды, бұл отбасындағы және мектептегі тәрбиеден басталуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық экономикалық даму мен әлеуметтік әділеттілікке елеулі қауіп төндіреді. Бұл құбылыс әртүрлі маңызда көрініс табуы мүмкін және қоғам үшін салдары ауыр болмақ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тереңірек түсіну үшін оның негізгі

қырларын қарастыруға болады.

1. Паракорлық және пара беру:

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі түрлерінің бірі – паракорлық және пара беру. Бұл лауазымды тұлғаларға жеңілдіктер алу немесе салықтан жасырын табыс табу мақсатында пара ұсынуды қамтуы мүмкін. Пара беру әділ салық салу қағидаттарының бұзылуына әкелуі ықтимал.

2. Алаяқтық және салық төлеуден жалтару:

Сыбайлас жемқорлықтың тағы бір кең тараған тәуекелі – алаяқтық пен салық төлеуден жалтару. Бұл жалған схемаларды құру, табысты төмендетіп көрсету немесе шығындарды асыра көрсету арқылы салық төлеуден жалтару түрінде жүзеге асады.



САЛЫҚ КОДЕКСІ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап

Жеке табыс салығы

Жеке тұлғалардың табыстары

8500 АЕК-ке дейін	10%
8500 АЕК-тен жоғары (35 096 500 теңге)	салық салынатын кірістен 8 500 АЕК мөлшеріндегі салық сомасы + одан асатын сомадан 15%

Жеке практикамен айналысатын адамдардың табыстары - 9%

Дивидендтер

230 000 АЕК-ке дейін	5%
230 000 АЕК-тен жоғары (949 670 000 теңге)	салық салынатын кірістен 230 000 АЕК мөлшеріндегі салық сомасы + одан асатын сомадан 15%

Дара кәсіпкердің, шаруа немесе фермер қожалығының табыстары

230 000 АЕК-ке дейін	10%
230 000 АЕК-тен жоғары (949 670 000 теңге)	салық салынатын кірістен 230 000 АЕК мөлшеріндегі салық сомасы + одан асатын сомадан 15%

«Меншікке» салынатын салық

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

✓ Пайдалану мерзімі 10 жылдан асса, түзету коэффициенті – 0,7, 20 жылдан асса түзету коэффициенті – 0,5 қолданылады.

✓ Шаруа фермер қожалықтары бір пикап көлігі бойынша көлік салығын төлеуден босатылды.

✓ Ағымдағы төлемдердің есебі (салық есептілігі) алынып тасталды.

ЖЕР САЛЫҒЫ

✓ Ағымдағы төлемдердің есебі (салық есептілігі) алынып тасталды.

✓ Қала аумағында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша салық есептеу нақтыланды.

✓ Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша салықтың базалық ставкалары 40 есеге ұлғайтылады.

МҮЛІК САЛЫҒЫ

✓ Міндеттемелер сомасы 300 АЕК-тен аспаса, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебі тапсырылмайды.

✓ Ғимараттар, құрылыстар бойынша салық базасы **мүлікті қайта бағалауды** ескере отырып, бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны болып табылады.

Бұл ретте мүлікті мұндай бағалау **әрбір үш жылда** кемінде бір рет жүргізілуі тиіс.

Төлемақылар

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға **лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы алынып тасталды** (алкоголь өнімдерін сату, ойын бизнесі).

Өрттерден өткен учаскелерде ағаш кесуді жүзеге асырғанда, мұндай өрттердің ауданы 100 гектардан асса, **орман ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеуден босатылды**.

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы

✓ қатты пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдаланшылар бойынша ставкалар блоктардың санына және барлау кезеңіне байланысты;

✓ мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе заңнаманың бұза отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша 40 есеге дейін ұлғайтылды.

Сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы

✓ төлеушілер-сыртқы жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы жарнама орналастырылатын ғимараттардың (құрылыстардың) меншік иелері;

✓ мәслихаттар төлемақы мөлшерлемесін төмендетсе немесе ұлғайта алады:

- облыстарда 50 пайыздан 100 пайызға дейін;
- республикалық маңызы бар қалаларда 50 пайыздан 200 пайызға дейін.

Целиноград аудандық мемлекеттік Кірістер басқармасы.

ЖОБА

Целиноград ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану Жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жайылымдар туралы» Заңдарына сәйкес, Целиноград аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Целиноград ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану Жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

«КЕЛІСІЛДІ»

Целиноград ауданының әкімі

Толығырақ аудан әкімдігінің ресми сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-selinograd/documents/details/905655?lang=kk>

"ЧЕК ТАЛАП ЕТ — ЖҮЛДЕ ҰТЫП АЛ" АКЦИЯСЫ



2025 жылдың 3 сәуірінен бастап «Чек талап ет—жүлде ұтып ал» Республикалық акциясы басталды!

Енді сіздердің әр қ а й с ы с ы ң ы з күнделікті сатып алулар жасай отырып немесе ақылы қызметтерді ала отырып, тек фискалдық түбіртек алып

қана қоймай, бағалы сыйлықтарды, соның ішінде ақшалай сыйлықтарды ұтып ала аласыз. Алынған түбіртеккі «Amian» мобильді қосымшасында тіркесеңіз болғаны.

Сондай-ақ, 2025 жылдың 1 мамырынан бастап «Бәйге» атты жаңа мотивациялық науқан күшіне енеді. Осы науқан аясында еліміздің әр өңірінде тоқсан сайын жеңімпаздар анықталатын болады – тіркелген фискалдық түбіртектердің саны бойынша барлығы 20 жеңімпаз.

Олардың әрқайсысына 100 000 теңгеден ақшалай сыйлық беріледі.

«Бәйге» акциясы үш кезеңде өтеді:

- * Бірінші кезең – 1 мамырдан 30 маусымға дейін;
- * екінші – үшінші тоқсанда;
- * Ал үшінші – 2025 жылдың төртінші тоқсанында.

Сонымен қатар, 2025 жылдың 19 мамырынан бастап Ақмола облысында Halyk Bank ұтыс ойыны басталады. Оған Банктің POS терминалдарында Банк карталарымен жасалған операциялардан чектер қатысады.

* Әрбір жүктеп салынған чек ұтып алудың бір мүмкіндігі.

* Ай сайын – 10 жеңімпазға дейін, әрқайсысы 100 000 бонус алады.

Қатысу оңай: тауарларды сатып алу немесе қызметтерге ақы төлеу кезінде фискалдық түбіртек сұраңыз және оны «Amian» қолданбасында тіркеңіз. Неғұрлым көп чектерді тіркесеңіз, ұтып алу мүмкіндігіңіз соғұрлым жоғары болады.

Сондай-ақ, Жақсы, Аршалы, Астрахан, Есіл, Біржан сал және Целиноград аудандарының тұрғындары «Салық кэшбэк» пилоттық жобасына қатысып, Amian мобильді қосымшасында сатып алу сомасының 2% көлемінде кэшбэк ала алатынын еске саламыз. Алынған қаражатты банк картасына аударуға немесе ұялы телефон балансына аударуға болады.



